

**Сүйіншалина Мейрамгүл Сейілханқызы**

Мамандығы: Тарих пәні мұғалімі
Стажы: 16 жыл
Білімі : Жоғары
Санаты: І санат

Проблемалық тақырыбы: **Ұлы тұлғалар есімдері арқылы оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеу**

Жетістігі: Аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты 2011ж
Аудандық тарих,құқық,дінтану пәндерінің семинар-кеңесінде оқылған баяндамасы үшін

Білім беру курсы: «Дінтану негіздері»курсын оқытудың теориялық әдістемелік ерекшеліктері 07-11.01.2011;
“Дінтану курсын оқытудың теориясы және әдістемелік ерекшеліктері” 20 – 24.10.2014ж








# Қауіпті діни ағымдар

**Сабақ - уикипидия**











***“Біз бұқара санасындағы  діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек , онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ . Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді.Жалғыз- ақ ,бізге қауіп төндіретіні діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны ... ”***

**Н.Ә.Назарбаев    *«Тарих толқынында »***







# Қазіргі кезде кеңінен қолданылатын классификациялар:

## І.Табыну объектісіне қатысты бөлу:

- ***3.Көп құдайшылдық***
- ***( политеизм )*** **– көп құдайға сыйыну немесе пұтқа табыну.Үнді діндері, Қытай діндері және т.б.**
- ***2.Екі құдайлық***
- ***( дуализм)*** **– екі құдайға сенетін.Иран діндері**
- ***1.Бір құдайлық***
- ***( монотеизм)*** **– бір ғана жаратушыға сенетін.Ислам, Иахуди Христиан және т.б.**

# II. Әлемге таралуына байланысты бөлу:

- *1.Діні сенімнің көне нысандары*
  - Тотем, фетиш , анимизм ,магия ,шамандық, және көне діни табынушылық ғұрыптары.
- *2.Ұлттық діндер*
  - Бір ғана халық немесе мемлекетпен шектелген ,сол халықтың ұлттық дәстүріне негізделген , тек бір ұлттың мүддесін көздейтін діндер. Үнді діндері,иахуди, даосизм,синтоизм еж. өркениет діндері және т.б.
- *3.Әлемдік діндер*
  - Әлемнің барлық жеріне тараған ,
  - адамдарды нәсіліне, ұлтына, тегіне және әлеуметтік жағдайына қаран бөлмейтін діндер. Буддизм, Христиан, Ислам діндері.
- *4.Дәстүрлі емес діни қозғалыстар (діндер)*

Соңғы кездерде пайда болған , шығу тегінен ұлттық немесе әлемдік діндерден бөлініп шыққан , бірақ қазір қайнарынан байланысын үзген , өзіндік ерекшелік пен әмбебаптыққа ұмтылатын жаңадан шығып жатқан діни сенімдер.Олар әлеуметтік тұрғыда діни секта деп аталады.

# Діндерді исламдық тұрғыдан бөлу

**I.Илахи (құдайлық ) діндер**

- *Алладан пайғамбар арқылы адамзатқа уахи жолмен келген. Ислам ,христиан және иудаизм діндері осы топқа жатады, олар діндерін Құдайдың сөзі деп қабылдайды.*

II.Батыл діндер

- *Адамдар шығарған діндер,яғни уахи жолменпайғамбарлар арқылы Алладан келмеген діндер. Жоғарыдағы үш діннен басқасы осы топқа кіреді. Бұл діндердің барлығын жеке адамдар құрған және халықтың дәстүріне негізделіп пайда болған*

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Дәстүрлі діндер | Бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі, діни әдет – ғұрыптары, қоғамдық қатынас нормалары мен отбасылық қарым – қатынасы және белгілі бір ұлттың дәстүрлі өмір сүру формасы мен мәдени құндылықтарын жоққа шығармай , өз ілімдері тұрғысынан қабылдап, оған қарсы келмей ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдыратын ерекше құбылыс. |
| 2 | Дәстүрлі емес діндер | Қоғамда тарихи – мәдени тұрғыда қалыптасқан құндылықтарды , салт – дәстүрлерді танымайтын,оны жоққа шығаратын негізгі діндерден бөлініп шыққан діни ағым |

# Дәстүрлі емес діни қозғалыстарға генетикалық тұрғыда берілген классификациясы

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жаңа христиандық діни секталар | Иегова куәгерлері, мормондар, Христос тәні т.б |
| 2 | Жаңа шығыстық діни ғұрыптар | Кришна қоғамы, Йога, т.б |
| 3 | Саентологиялық бағыттағы діни секталар | Саентология шіркеуі,Ақыл ілімі, Христиан ғылымы |
| 4 | Синкреттік бағыттағы діни секталар | Бірігу шіркеуі,Бахай сенімі,Ұлы Ақ ағайындар т.б |
| 5 | Шайтанға табынушылық бағыт | Зұлымдықты насихаттайды,зорлық-зомбылық тән |

# Шет ел мемлекеттерінің және олардың белсенді қолдауымен кейбір деструктивті діни ұйымдардың мақсаты

**Шетелдік ұйымдардың белсенді қаржылай және саяси қолдауымен ҚР территориясындағы деструктивті діни ұйымдардың болуы мүмкін мақсаттары**

1.Саяси мақсатта Ресей қоғамының діни негізіне соққы беру арқылы Ресей мемлекетін әлсірету. Тіпті, дәстүрлі діндер деструктивті діни ұйыдардың кесірінен соққығы жығылуда, соның бірі православие дініне деген көзқарас. Бұл дегенің, бәрінің жағдайы осының кебін киіп тұр деген сөз.

2.Діни ұйымдардың православияға қарсы жасырын, айқындалмаған күресі

3.Діни сектанттықты пайдалану арқылы билікке мықты потенциальды саяси қысым көрсету

4.Шетелдік арнайы мамандарды пайдалана отырып, діни деструктивті ұйымдармен бірлесіп құпия ақпараттарды жинау

5.Әртүрлі мемлекетердің шенеуніктерінің үстінен деструктивті діни ұйымдардың жетекшілерінің күші арқылы бақылау орнату. (пара беру, шантаж, алдау, санаға бақылау орнату арқылы)

## *Қазақстан Республикасы территориясында тыйым салынған діни ұйымдар туралы ақпарат*

**Қазіргі таңда ұлттық деңгейде Қазақстан территориясында тыйым салынған террористік және экстремистік құрылымдармен бірге, мынадай діни ұйымдар да қосылды:**

**1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде:**
**1) «Аль-Каеда» 2) «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс»,**
**3) «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс» 4) «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»).**

**2. Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес:**
**1) «Асбат аль-Ансар», 2) «Братья-мусульмане», 3) «Талибан» қозғалысы,**
**4) «Боз гурд» 5) «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтар»,**
**6) «Лашкар-е-Тойба»,**
**7) «Әлеуметтік реформалар Қоғамы».**

**3. Астана қаласы сотының 2006 жылы 17 карашадағы шешіміне сәйкес:**
**1) «АУМ Синрикё»,**
**2) «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы».**

**4. Астана қаласы сотының 2008 жылғы 5 наурыздағы шешіміне сәйкес:**
**«Түркістан ислам партиясы»**

**5. Астана қаласы сотының 2005 жылғы 28 наурыздағы шешіміне сәйкес:**
**«Хизб-ут-Тахрир»**

**6. Мамандандырылған ауданаралық Алматы қаласы сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы және Астана қаласы сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы шешімімен:**
**Адамдарды қозғалыс методы (өзін-өзі емдеу) арқылы емдеу деп бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үгіт насихат таратқан Абдуллаев Ф.М. (Фархат-ата), ол «Алла-Аят» деген атауға ие**

**7. Мамандандырылған ауданаралық Алматы қаласы сотының 2009 жылғы 5 ақпандағы шешімімен:**
**«Ата жолы» және «Ақ жол»**

## Қазақстанда жұмыс жасайтын мисс
## мен қауымдастықтардың сан
## (2009жыл санағы бойынша)



# *Қазақстан халқының діни сенім көрсеткіші /2009 жыл санағы бойын./*



# Қазақ халқының өзге діндерге өту көрсеткішінің саны



# Өзге ұлт өкілдерінің христианға өтуі





Өзге ұлт өкілдерінің исламды қабылдауы
1.40%
0.90%
1.60%
5.20%
0.80%
0.70%
34.70%
орыстар
украиндар
немістер
корейлер
белорустар
поляктар
басқа этностық топтар


Ешқандай дінге кірмеген ұлт өкілдері
28.50%
14%
7.30%
7.80%
2%
украиндар
немістер
корейлер
белорустар
ешқандай дінде жоқ

2011 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда 46 конфессия 4 551 діни бірлестік пен олардың филиалдары және заңды тұлға белгісі жоқ саны аз діни топтар есепте тұрған.

2012 жылдың 25 қазанындағы жағдай бойынша Қазақстанның діни алаңында 17 конфессияны құрайтын **3 088** діни бірлестік пен олардың филиалдары қалды

Діни бірлестіктердің **32%-ы,** яғни үштен бірі қысқарды

**Ислам –** VII ғасырдың басында пайда болған әлемдік монотеистік дін. Қазақ жеріне ислам осыдан 12 ғасырдан астам уақыт бұрын келген.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының преамбуласында Қазақстан халқының рухани өмірі мен мәдениетіндегі исламның сунниттік бағыттағы ханафи мазхабының тарихи рөлі атап көрсетілген.



2011 жылдың басында Қазақстанда 2 811 исламдық діни бірлестік болған.



2012 жылдың 19 маусымында «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами бірлестігі тіркелді. Оның филиалдары ретінде еліміздің барлық аймағында 2 228 мешіт қайта тіркеуден өтті.

# Қазақстандағы ҚМДБ филиалдары (мешіттері)

**Барлығы: 2 228** (25.10.2012 ж.)




.

**Православие –** христиан конфессияларының бірі.

Елімізде православиелік Қазақстан Православ шіркеуі, Армян апостолдық шіркеуі және көне әдет-ғұрыптық қауымдар қызмет атқарады. 2011 жылдың басында 304 православ діни бірлестігі болған.





2012 жылдың 17 қазанында 9 епархия мен 261 приходты біріктіретін Митрополиялық округ республикалық діни бірлестігі тіркелді.

Сонымен қатар бұрын қызмет атқарған Армян апостолдық шіркеуі мен 8 көне әдет-ғұрыптық қауым қайта тіркеуден өтті.

# Қазақстандағы православ шіркеуінің приходтары

**Барлығы: 261** (25.10.2012 ж.)




**Ескерту:** Бұған қосымша Алматы қаласында Армян апостолдық шіркеуі және ШҚО (4 ), БҚО (2 ), Алматы қ. (1 ), Қостанай обл. (1 ) көне әдет-ғұрып шіркеулері жұмыс істейді.

**Католиктік** – христиандық конфессиялардың бірі. Діни ілімі Библияға және Қасиетті жазбаға негізделеді. Негізгі қағидалары Католик шіркеуінің катехизисында баяндалған.

Қазақстанда Рим-католик шіркеуінің 79 субъектісі қызмет атқарады.



# Қазақстандағы католик шіркеулері

**Барлығы: 79** (25.10.2012 ж.)




.

**Лютерандық** – христиан діниндегі протестанттық ағымдардың бірі. Лютерандық XVI ғасырда Германияда реформация қозғалысының нәтижесінде пайда болды.



| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | 1 |
| 2 | Алматы қаласы | 3 |
| 3 | Алматы облысы | 2 |
| 4 | Ақмола облысы | 1 |
| 5 | Жамбыл облысы | 1 |
| 6 | Қарағанды облысы | 1 |
| 7 | Шығыс Қазақстан обл. | 1 |
| 8 | Қостанай облысы | 1 |
| 9 | Солтүстік Қазақстан обл. | 1 |
| 10 | Павлодар облысы | 1 |

**2011 жылдың басында елде 32 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 13 жергілікті діни бірлестік өтті.**



**Баптизм** – XVII ғасырдың басында пайда болған христиан діндегі протестанттық бағыттардың бірі. Өз діни ілімі бойынша баптизм жалпыхристиандық және жалпыпротестанттық Үшбірлік пен Иса Мәсіхтің құдайға тән табиғаты, сондай-ақ жалпыпротестанттық құтқарылу туралы қағидаларды ұстанады.

**2011 жылдың басында елде 364 діни бірлестік, саны аз діни топтар мен филиалдар есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 100 жергілікті діни бірлестік өтті.**

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | **4** |
| 2 | Алматы қаласы | **12** |
| 3 | Ақмола облысы | **5** |
| 4 | Ақтөбе облысы | **4** |
| 5 | Алматы облысы | **23** |
| 6 | Атырау облысы | **2** |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысы | **4** |
| 8 | Жамбыл облысы | **8** |
| 9 | Батыс Қазақстан облысы | **1** |
| 10 | Қарағанды облысы | **9** |
| 11 | Қостанай облысы | **5** |
| 12 | Қызылорда облысы | **3** |
| 13 | Маңғыстау облысы | **1** |
| 14 | Павлодар облысы | **2** |
| 15 | Солтүстік Қазақстан облысы | **6** |
| 16 | Оңтүстік Қазақстан облысы | **11** |

**Методизм** XVIII ғасырда Англияда пайда болды.

Методизм діни ілімі классикалық протестантизм қағидаларын ұстанып, Библияны мойындайды. Сонымен қатар діни ұйғарымдарды әдістемелік тұрғыдан сақтауды талап етеді.



| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Алматы қаласы | 3 |
| 2 | Астана қаласы | 1 |
| 3 | Алматы облысы | 2 |
| 4 | Ақмола облысы | 1 |
| 5 | Жамбыл облысы | 1 |
| 6 | Қарағанды облысы | 1 |
| 7 | Павлодар облысы | 2 |

**2011 жылдың басында елімізде 18 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 11 жергілікті діни бірлестік өтті.**

**Меннониттер** алғашқы протестанттық ағымдардың бірі болып табылады. Атауы осы ілімнің негізін қалаушы Менно Симонсқа байланысты қойылған.



**2011 жылдың басында елімізде 6 діни бірлестік есепте тұрған.**

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Қарағанды облысы | 1 |

**Қайта тіркеуден бір жергілікті діни бірлестік өтті.**

**Елуіншілер** XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында АҚШ-та пайда болған.

Елуіншілердің діни ілімінің ерекшелігі Қасиетті Рухтың елуіншілер күнінде жерге түскендігі және соның нәтижесінде Апостолдар мен Иса Мәсіхтің басқа да шәкірттерінің Қасиетті Рух күшіне ие болғандығы туралы жеке тармақтың бекітілуі болып табылады.

**2011 жылдың басында елімізде 400 діни бірлестік, саны аз діни топтар мен филиалдар есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 189 жергілікті діни бірлестік өтті.**

**Елуіншілер**

Сун Бок Ым

| 2011 ж. | 2012 ж. |
|---|---|
| 11 | 9 |

«Агапе» миссиясы

| 2011 ж. | 2012 ж. |
|---|---|
| 46 | 23 |

«Жаңа өмір»

| 2011 ж. | 2012 ж. |
|---|---|
| 55 | 38 |

«Жатва»

| 2011 ж. | 2012 ж. |
|---|---|
| 10 | 5 |

«Өмір бұлағы»

| 2011 ж. | 2012 ж. |
|---|---|
| 55 | 28 |

**Пресвитериандық** протестанттық ағымдардың бірі болып табылады.

Пресвитериандық кальвинизмнің және кең ұғыммен алғанда реформаттық шіркеу тармақтарының бірі ретінде қарастырылады.

Пресвитериандық доктрина Құдайдың жоғарғы күшіне сенуге және құдайдан құт-береке келуі үшін тек сенім ғана керек екеніне негізделеді.

**2011 жылдың басында елімізде 229 діни бірлестік, саны аз діни топтар мен филиалдар есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 55 жергілікті діни бірлестік өтті.**

**Пресвитериандық**






**«Ехоба куәгерлері»** XIX ғасырдың 70 жылдары АҚШ-та пайда болды. Діни ілімінің негізгі ережелері осы ілімнің негізін салушы Чарльз Расселдің «Қасиетті Кітап зерттеулері» атты жеті томдық еңбегінде жазылған.

**2011 жылдың басында елімізде 70 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 59 жергілікті діни бірлестік өткен.**

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | **1** |
| 2 | Алматы қаласы | **5** |
| 3 | Ақмола облысы | **1** |
| 4 | Ақтөбе облысы | **1** |
| 5 | Алматы облысы | **10** |
| 6 | Атырау облысы | **1** |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысы | **5** |
| 8 | Жамбыл облысы | **9** |
| 9 | Батыс Қазақстан облысы | **1** |
| 10 | Қарағанды облысы | **8** |
| 11 | Қостанай облысы | **5** |
| 12 | Қызылорда облысы | **1** |
| 13 | Маңғыстау облысы | **1** |
| 14 | Павлодар облысы | **3** |
| 15 | Солтүстік Қазақстан облысы | **1** |
| 16 | Оңтүстік Қазақстан облысы | **6** |

**Жетінші күн адвентистері** – АҚШ-та 1843 жылы пайда болған протестанттық ағым. Адвентистік діни ілімінің негізін бұрынғы баптист Уильям Миллер қалаған. Адвентистер сенім мен өмір сүрудің жалғыз ережесі ретінде Библияға сүйенеді, Иса Мәсіхтің екінші рет тіріліп келетін күнінің жақын қалғанына сенеді және сенбіні демалыс күні ретінде ұстанады.



| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | 2 |
| 2 | Алматы қаласы | 3 |
| 3 | Ақмола облысы | 4 |
| 4 | Ақтөбе облысы | 1 |
| 5 | Алматы облысы | 4 |
| 6 | Атырау облысы | 1 |
| 7 | Шығыс Қазақстан облысы | 2 |
| 8 | Жамбыл облысы | 4 |
| 9 | Батыс Қазақстан облысы | 1 |
| 10 | Қарағанды облысы | 7 |
| 11 | Қостанай облысы | 5 |
| 12 | Қызылорда облысы | |
| 13 | Маңғыстау облысы | 1 |
| 14 | Павлодар облысы | 4 |
| 15 | Солтүстік Қазақстан облысы | 1 |
| 16 | Оңтүстік Қазақстан облысы | 1 |

**2011 жылдың басында елімізде 67 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 42 жергілікті діни бірлестік өтті.**



**Жаңа апостолдар шіркеуі** 1832 жылы Англияда пайда болды, ол католиктік пен лютерандықтан кейінгі Германияның негізгі шіркеулерінің бірі болып табылады.

Жаңа апостолдар шіркеуі апостолдардың ерекше рөлін тани отырып, Библияны өздерінің негізгі оқулығы деп санайды.

**2011 жылдың басында елімізде 47 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 8 жергілікті діни бірлестік өтті.**

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | 1 |
| 2 | Алматы қаласы | 1 |
| 3 | Ақмола облысы | 1 |
| 4 | Жамбыл облысы | 1 |
| 5 | Қарағанды облысы | 1 |
| 6 | Павлодар облысы | 1 |
| 7 | СҚО | 1 |
| 8 | ОҚО | 1 |



**Иудаизм** – бұл еврей халқының ұлттық діні. Иудаизм ілімінің негізінде иудейлер өмірінің барлық салаларын реттейтін қатаң монотеизм жатыр.

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | 1 |
| 2 | Алматы қаласы | 1 |
| 3 | Павлодар облысы | 1 |
| 4 | Оңтүстік Қазақстан облысы | 1 |

**2011 жылдың басында елімізде 26 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 4 жергілікті діни бірлестік өтті.**

**Буддизм** – ежелгі әлемдік дін. Б.д.д. VI-V ғғ. Үндістанда пайда болды.

Басқа діндерден ерекшелігі буддизмде Құдайдың әлемнің жаратушысы және оның билеушісі екендігі туралы идея жоқ. Буддизм ілімінің мәні әрбір адамды азаптан арылу жолына түсуге шақыру болып табылады.



**2011 жылдың басында елімізде 4 діни бірлестік есепте тұрған.**

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Батыс Қазақстан облысы | 1 |
| 2 | Алматы қаласы | 1 |

**Қайта тіркеуден 2 жергілікті діни бірлестік өтті.**




**«Кришна Санасы Қоғамы»** 1966 жылы Нью-Йорк қаласында Бенгаль монахы Бхактиведанта Свами Прабхупада негізін салған неоиндуистік діни бірлестік. Кришнаиттер Кришнаға құдайдың құдіретті бейнесі ретінде табынады.

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | 1 |
| 2 | Алматы қаласы | 1 |
| 3 | Алматы облысы | 1 |
| 4 | Ақтөбе облысы | 1 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 1 |
| 6 | Қарағанды облысы | 1 |
| 7 | Қостанай облысы | 1 |
| 8 | Павлодар облысы | 1 |

**2011 жылдың басында елімізде 14 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 8 жергілікті діни бірлестік өтті.**




**Бахаи** қауымы XIX ғасырдың ортасында пайда болды. Оның негізін «Бахаулла» есімімен танылған парсылық Мирза Хусейн Али қалаған. Бахаи ілімі әлемдік және дәстүрлі діндердің жекелеген қағидаларын негізге ала отырып синтезделген ілім болып табылады.

**2011 жылдың басында елімізде 20 діни бірлестік есепте тұрған.**

**Қайта тіркеуден 6 жергілікті діни бірлестік өтті.**

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | 1 |
| 2 | Алматы қаласы | 1 |
| 3 | Алматы облысы | 1 |
| 4 | Ақмола облысы | 1 |
| 5 | Қарағанды облысы | 1 |
| 6 | Оңтүстік Қазақстан облысы | 1 |




**Иса Мәсіхтің соңғы қасиетті күндері шіркеуінің (мормондар)** негізін 1830 жылы АҚШ-та Джозеф Смит қалады. «Мормон» термині 1830 жылы қасиетті жазба ретінде жарияланған, мормондар Библиямен қатар қолданатын «Мормон кітабынан» шыққан.

**2011 жылдың басында елімізде бір діни бірлестік есепте тұрған.**

| № | облыс, қала | тіркелгені |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласы | 1 |
| 2 | Алматы қаласы | 1 |

**Қайта тіркеуден 2 жергілікті діни бірлестік өтті.**

# Жалпы алғанда, 2012 жылғы 25 қазанға дейін 17 конфессияны құрайтын 3 088 діни бірлестік қайта тіркеуден өтті.

| № | Конфессиялар | 01.01.2011 ж. | 25.10.2012 ж. |
|---|---|---|---|
| 1 | Ислам | 2811 | 2229 |
| 2 | Православие | 304 | 280 |
| 3 | Елуіншілер шіркеулері | 400 | 189 |
| 4 | Інжілдік христиан-баптистер | 364 | 100 |
| 5 | Католиктік | 118 | 79 |
| 6 | Ехоба куәгерлері | 70 | 59 |
| 7 | Пресвитериандық шіркеулер | 229 | 55 |
| 8 | Жетінші күн адвентистері | 67 | 42 |
| 9 | Інжілдік-лютеран шіркеуі | 32 | 13 |
| 10 | Методистер | 18 | 11 |
| 11 | Жаңа апостолдар шіркеуі | 47 | 8 |
| 12 | Кришнаиттер | 14 | 8 |
| 13 | Бахаи | 20 | 6 |
| 14 | Иудаизм | 26 | 4 |
| 15 | Буддизм | 4 | 2 |
| 16 | Иса Мәсіхтің соңғы қасиетті күндері (мормондар) шіркеуі | 1 | 2 |
| 17 | Меннониттер | 6 | 1 |
| | Жа | [illegible] | 3 088 |

* Бұдан басқа 20 дәстүрлі емес діни бірлестік қайта тіркеуден өтпеген

## Тоталитарлық ұйымдар миссионерлер және шіркеу қызметтерінің негізгі белгілері:

- дәстүрлі діндерді және діни ілімдерді мойындамай, бөлек ірткі салушы діни ұйымдардың ілімдерін дәріптеуші мүшелерінің уағызы.
- Басқа дәстүрлі діндерді сынау және оларға кереғар пікірлер туғызып, мүшелерін «құдайдың жазасы күтіп тұр» деп сендіру.
- Іріткі салушы ұйымның жетекшісі немесе діни насихатшысы (миссионер) болып табылатын харизмалық басшысының болуы.
- Белсенді миссионерлік қызметтер ,соның ішінде -көшелерде сұхбатқа шақыру ,діни әдебиеттер үнпарақтар тарату, электронды БАҚ бағдарламаларын көрсету
- Діни ұйымдарының мүшелерін көбейту мақсатында көпшілік жиналатын орындарда арнайы іс –шаралар ұйымдастыру.
- Діни ұйымның құрамындағы жасөспірімдерге ерекше назар аудару.
- Ұйым мүшелеріне және әлеуметтік жағдайы нашар адамдарға жеке мүдделері үшін қамқорлықтар көрсету.
- Түрлі әдіс – амалдар мен психотехникалық жүйелер арқылы адам санасын бақылауда ұстау.
- Ұйымның жаңа мүшелері үшін арнайы діни дәрістер өткізу .
- Жалған діни «кереметтерін» көпшілікке жарнамалау үшін жарымжан немесе психикасы қалыпсыз адамдарды секта мүшелігіне тарту



## Тоталитарлық ұйымдар миссионерлер және шіркеу қызметтерінің негізгі белгілері:

- Ұйым мүшелерінің сыртқы бейнесін өзгерту үшін , оларға жаңа діни лақап аттар қойып және діни дәрежелер беріп, арнайы культтік киім киюлеріне талап қою.
- Қатаң діни тәртіптерді сақтау.
- әлеуметтік жағдайда қорғалмаған адамдарға рухани қамқорлық көрсету және материалдық қолдау көрсету арқылы ұйым мүшелігіне тарту.
- Ақша төлеуге мәжбүрлеу немесе «десятиналық» төлемге отырғызу .
- әдебиеттерін тегін әрі жиі тарату.
- Жастардықызықтыру үшін діни жиналыстар ұйымдастыру және ғылыми жаңа әдістерді кеңінен пайдалану
- Ұйым кәсіпорындарында тегін жұмыс істеуге , діни әдебиеттерін тегін тарату және қайыр жинауды талап ету.
- Білім беруге аса көңіл аудару ,миссионерлік оқу орталықтарын құру.
- Кітапханаларға ,мәдени және білім мекемелеріне әдебиеттерін тегін тапсыру.
- Ұйым ішінде күзету ,насихаттау және т.б. мәселелерді шешу үшін арнайы бөлімшелердің болуы.
- Ұйым мүшелерінің санын арттыру мақсатында - балалар және жастар мекемелерін ,оңалту орталықтарын , жазғы лагерлер мен қоғамдық бірлестіктер құру



# Діни секталардың адам психологиясына кері әсері:

- *Секта тәуелділігінен құтылғаннан кейін де отбасындағы*
- *қолайлы жағдай мен психолог маманның көмегіне қарамастан ,*
- *секта мүшесі әлеуметтік ортаны бөтенсіп, томаға – тұйық күй кешеді. Мұндай адамның әдеттегі қиындықтары төмендегідей:*
  - *- жеке бас ерекшеліктерінің бұзылуы;*
  - *- үнемі торығуда (депрессия);*
  - *- өз бетінше шешім қабылдай алмау;*
  - *- өзін - өзі бақылаудан және табиғи  еркінен айырылу;*
  - *- Жан жарақатынан кейінгі күйзелістен , жабырқаушылықтан арыла алмау;*
  - *- әзілді түсіне алмауы және оны тура мағынасында қабылдау;*
  - *- психологиялық жағдайдың нашарлауы ,сонымен қатар- галюцинациялардың, үрей мен мазасыздық ,бағытынан адасу,паранойя, ішкі қайшылықтарға толы болу;*
  - *-секта  мүшелерінен  басқа адамдармен достық қарым – қатынас орната алмау*
  - *- ұйқының бұзылуы;*
  - *- Сексуалдық қиындықтарға тап болу; - - Баяу психологиялық  даму;*

- *Іріткі салушы діни ұйымдардың қатарынан шығу өте қиын ,*
- *шыға қалған күннің өзінде  де екі ортада  дел-сал күй кешуі заңдылық*
- *Бұл – сектаға қайта оралудың бірден – бір жолы;*

# ҚОҒАМ МЕН АДАМ ӨМІРІНЕ ЗИЯНДЫ ДІНИ СЕКТАЛАРДАН ҚОРҒАНУ ҮШІН МЫНА ӘДІСТЕРДІ ӘРДАЙЫМ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

**Көшеде діни сектаның жиналысына шақырған миссионермен қарым – қатынас жасамауға тырысыңыз**

**Егер де сіз діни сектаның құрылымы туралы білгіңіз келсе мұны еш қарсылықсыз және кекесінсіз істеңіз.**

**Кез келген діни сектаның сеніміндегі адаммен және миссионерлерімен өзіңіздің діни көзқарастарыңыз туралы пікірталасқа түспеңіз.**

**Егер сізге діни тақырыптағы парақша , кітапша немесе журнал ұсынса рахмет айтып , сыпайы түрде бас тартыңыз.**

**Егер де сіз діни сектаның жиналысына қатыссаңыз миссионердің негізгі мақсаты сізді өз нанымына алдап кіргізу екенін ескеріңіз және діни секта мүшелерінің алдауына түсіп қалмаңыз.**

**Діни жиналысқа барадан бұрын алдымен өз достарыңызбен , туыстарыңызбен немесе жақын адамдарыңызбен кеңескеніңіз жөн.**

Егер қиындықтар туындаса, өз бетіңізше дұрыс шешім қабылдай алмасаңыз дінтанушы мамандармен хабарласыңыз.

Қандайда бір жағдайда бір – біріңізден ажырамауға тырысыңыз және бұл туралы секта жетекшісіне ескертіңіз , егер жетекші бұл ұсыныңызға көнбей өз дегеніне көндіргісі келсе, онда кеткендеріңіз жөн.

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың мүшесі болып, жетістік пен бақыт тауып өмірлік мақсат – мүддеме жетемін деп ойламаңыз.

Діни кеңеске жалғыз бармауға тырысыңыз, қасыңызға жолдасыңызды немесе жақын бір адамыңызды ала барыңыз.

Жан саулығы және тән саулығы үшін дәстүрлі емес діни ағымдардың қатарына қосылмас бұрын өз туыстарыңыз бен жақындарыңызға зияныңыз тиетінін ойланыңыз

Сену немесе сенбеу еркі тек қана сіздің өз қолыңызда , сондықтан шешім қабылдау дан бұрын оның қажеттілігі жайлы ойланыңыз.Ойланып дұрыс қабылдаған шешім сіздің жан саулығыңыз ғана емес , өміріңізді де сақтауы мүмкін.

# Жастарға арналған жадынама

**Деструктивті діни ұйымдарға арбалып қалмаудың жолдары**

***Жалған діни ұйымдарды дәстүрлі діндерден қалай ажыратып алуымыз керек?***

**Бірінші ереже**

**Сізге таныс емес, көшеде кездескен адаммен дін тақырыбындағы диалогқа араласпа!**

**Екінші ереже**

**Егер, диалог жалғасып кетсе,оны доғаруын өтін. Қызықпа! Бұл қоғамның тарихымен, оның қаншалықты дәрежеде дәстүрлі дін екеніне көзінді жеткіз. Осылай ғана Сіз таңдау еркіндігіне ие боласыз!**

**Үшінші ереже**

**Бұл діни миссиялар светтік атауларды жамылады. Егер де Сізді, ағылшын тілінің ақысыз курсына шақырса – бұған сеніп қалма, олар жаңа ілімді жайымен оқуға сені көндіруге тырысады.**

**Төртінші ереже**

**Кейбір деструктивті діни ұйымдарда жаңа адамдармен танысқанда қолданатын термин сөздері бар: «Осыған дейін Сізге, осыншама ақылды екендігіңізді қалайша ешкім айтпаған!», «Сізге бұндай қасиет қайдан дарыды!» және т.б.**

**Бесінші ереже**

**Егер сіз, қандай да болмасын діни ұйымға қатысқыңыз келсе, ата-анаңызбен, Сіз үшін беделі басым адамдармен кеңесуді ұмытпа!**

**Алтыншы ереже**

**Егер, Сіз дінге бет бұруды қаласаңыз, жалғыз бармаңыз, туыстарыңызды немесе достарыңыздан көмек сұраңыз!**

**Жетінші ереже**

**Миссионерлердің басты мақсаты – сізді ұйымға қалай да болса кіргізу. Сондықтан да өте сақ болғаныңыз жөн!**

**Сегізінші ереже**

**Егер басқа конфессия туралы сыни пікірлер айта бастаса, онда бұл деструктивті діни ұйымдардың белгілері болып табылады.**

**Тоғызыншы ереже**

**Есіңде болсын! Есте сақта! Құдайға сену яки сенбеу - өз қолыңда!**

**Өзге діннің жетегінде кетем деп достарың мен жақындарыңнан айырылғың келмесе, Ойлан!**

***Жадынама диакон А..Кураеваның материалдары негізінде жасалды.***

# Рефлексия

| | | |
|---|---|---|
| Не білдік? | Не үйрендік? | Не білгіміз келеді? |

# Пайдаланылған әдебиеттер


1.Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің сайтынан алынған мәліметтер. Астана ,2012 қараша

2.А.Айталы “Дін және мемлекет” №213-214 ”Ақтөбе газеті “2011

3.”Дінтану негіздері” Ғ.Есім

4. ”Дінтану негіздері” әдістемелік құрал Т.Талдыбаев